



Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 991 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың 10, 11 және 12-тармақтарында көзделген заң жобаларын қоспағанда, Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Жоспарда айқындалған айдың 1-күнінен кешіктірмей және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда айқындалған айдың 1-күнінен кешіктірмей ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмысын үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 991 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2022 жылға арналған жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 269; 26.05.2022 № 343; 16.08.2022 № 563; 13.10.2022 № 821; 17.11.2022 № 916 қаулыларымен.

| Р/с № | Заң жобасының атауы | Әзірлеуші мемлекеттік орган | Ұсыну мерзімі | | | Заң жобаларын сапалы әзірлеуге және уақтылы енгізуге жауапты адам |
|----------|---------------------------|-----------------------------------|---------------|--------|-----------|---|
| | | | Әділетмині | Үкімет | Парламент | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|----|--|---|---|---|---|---|
| 1. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 269 қаулысымен. | | | | | |
| 2. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 269 қаулысымен. | | | | | |

| | | | | | | |
|----|--|------------|--------|--------|--------|------------------------------|
| 3. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Әділетмині | қаңтар | қаңтар | наурыз | Н.В. Пан |
| 4. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.05.2022 № 343 қаулысымен. | | | | | |
| 5. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ДСМ | наурыз | сәуір | маусым | А . С . Есмағамбетов а |
| 6. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.08.2022 № 563 қаулысымен. | | | | | |
| 7. | "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) | ҰЭМ | наурыз | сәуір | | А.К. Әмрин |

| | | | | | | |
|-----|---|-----------|-------|--------|-------|---------------|
| | колданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | | | | тамыз | |
| 8. | Кәсіптік біліктіліктер туралы | Еңбекмині | сәуір | маусым | тамыз | А.Ә. Сарбасов |
| 9. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктіліктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Еңбекмині | сәуір | маусым | тамыз | А.Ә. Сарбасов |
| 10. | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы | ҰЭМ | шілде | тамыз | тамыз | А.К. Әмрин |
| 11. | Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы | ҰЭМ | тамыз | тамыз | тамыз | А.К. Әмрин |

| | | | | | | |
|-----|--|-----------|--------|-------|----------|-----------------|
| 12. | 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы | Қаржымині | тамыз | тамыз | тамыз | Т. М. Савельева |
| 13. | Агломерацияларды дамыту туралы | ҰЭМ | маусым | шілде | қыркүйек | Б. Б. Омарбеков |
| 14. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ҰЭМ | маусым | шілде | қыркүйек | Б. Б. Омарбеков |
| 15. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.10.2022 № 821 қаулысымен. | | | | | |
| 16. | Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстеріне қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгездікпен қараудың алдын алу саласында адам құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ІІМ | маусым | шілде | қыркүйек | А.Р. Заппаров |
| | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық | | | | | |

| | | | | | | |
|-------|---|--------------|----------|----------|-----------|-------------------|
| 16-1. | актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | МҚІА | шілде | тамыз | қазан | А . С . Жолманов |
| 17. | Жылу энергетикасы туралы | ЭМ | тамыз | қыркүйек | қараша | Қ.Б. Рахимов |
| 18. | "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ЭМ | тамыз | қыркүйек | қараша | Қ.Б. Рахимов |
| 19. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ЭМ | тамыз | қыркүйек | қараша | Қ.Б. Рахимов |
| 20. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қорғанысмині | тамыз | қазан | желтоқсан | М . Р . Құсайынов |
| 21. | Қазақстан Республикасының | Еңбекмині | қыркүйек | қазан | | А.Ә. Сарбасов |

| | | | | | | |
|-----|---|-----------|----------|-------|-----------|-------------------|
| | Әлеуметтік кодексі | | | | желтоқсан | |
| 22. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Еңбекмині | қыркүйек | қазан | желтоқсан | А.Ә. Сарбасов |
| 23. | "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Еңбекмині | қыркүйек | қазан | желтоқсан | Р.К. Сәкеев |
| 24. | "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Еңбекмині | қыркүйек | қазан | желтоқсан | Р.К. Сәкеев |
| 25. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.08.2022 № 563 қаулысымен. | | | | | |
| 26. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.08.2022 № 563 қаулысымен. | | | | | |
| 27. | Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы | ҰЭМ | қыркүйек | қазан | желтоқсан | Б . Б . Омарбеков |

| | | | | | | |
|-----|---|-----|----------|-------|-----------|----------------------|
| 28. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ҰЭМ | қыркүйек | қазан | желтоқсан | Б . Б . Омарбеков |
| 29. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.11.2022 № 916 қаулысымен. | | | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі